

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және оның тиімділігін арттыру мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі одан Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігін бөліп шығару, оған су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді беру жолымен;

2) Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі оны:

теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі; сауда мақсатында тенізде жүзу салаларындағы ; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар; әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар; автомобиль жолдары саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне;

индустрия және индустриялық даму; өнеркәсіп; тау-кен металлургия кешені; елішлік құндылықты дамыту; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін қайта өндеуден басқа), ағаш өндеу және жиһаз өнеркәсібі; құрылыш индустріясы және құрылыш материалдарын өндіру; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытқа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісін және бағалы металдар мен асыл тастардың айналымын реттеу; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бұйымдар; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы; уран өндіруді қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту салаларындағы; сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді

жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) саласындағы мемлекеттік реттеу; тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу; қорғаныс өнеркәсібі; бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу; әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігіне бөлу жолымен;

3) Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі оған Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінен мәдениет; тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану; кинематография; мемлекеттік рәміздер; архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету; электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер салаларындағы; ономастика; креативті индустріялар және шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді бере отырып, оны Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі етіп қайта құру жолымен;

4) Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі оны Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органдар берілетін функциялар өкілеттіктерге сәйкес қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттемелерінің құқық мирасқорлары болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органдар мен оларға ведомствоның бағынысты ұйымдардың штат санын қайта бөлуді;

2) осы Жарлықты іске асыру бойынша өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 6 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

мына:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі;";

мына:

"Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі;" деген жол алғып тасталсын;

мына:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;";

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі;

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігі.".

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Экімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

К. Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК